ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 5 наурыздағы №7119-24-00-2/1784 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансплантауды жцне жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ҚЫЛЫШБАЕВ ЕСЕН БАТЫРБЕКҰЛЫ» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансплантауды жцне жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «ҚЫЛЫШБАЕВ ЕСЕН БАТЫРБЕКҰЛЫ» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ҚЫЛЫШБАЕВ ЕСЕН БАТЫРБЕКҰЛЫ» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ҚЫЛЫШБАЕВ ЕСЕН БАТЫРБЕКҰЛЫ» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«ҚЫЛЫШБАЕВ ЕСЕН БАТЫРБЕКҰЛЫ» жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансплантауды жцне жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 765 теңге тұрақсыздық айыбы, 23 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж, барлығы 788 (жеті жүз сексен сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Көшірмесі дұрыс:

Судья Ғ.С.Төлебекова

Анықтама: сот шешімі 16.04.2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья Ғ.С.Төлебекова

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 06.03.2024